



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2018 ш. 28 қараша № 652
Астана қ.

г. Астана

**Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу
мерзімдерін ауыстыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі туралы ереженің 7-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2017 жылғы мамыр-желтоқсанға, 2018 жылға және 2019 жылға жоспарланған білім беру ұйымдарын (медициналық және фармацевтикалық білім беру ұйымдарын қоспағанда) мемлекеттік аттестаттаудан өткізу мерзімдері 2020 жылға ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті, Мектепке дейінгі және орта білім, Техникалық және кәсіптік білім департаменттері және басқа құрылымдық бөлімшелері осы бұйрықтан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы білім және ғылым вице-министрі Б.А. Асыловаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: Селекторлық режимдегі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Алқа отырысының 2018 жылғы 9 қарашадағы №2 хаттамасының 3-тармағы.

Министр



Е. Сағадиев